

дүниесіне сезіммен карап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – мұғалімдердің басты мақсаты. Мақсатқа жетуде сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай кедергілерден өте білуді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Тұлға рухани-адамгершілік тәрбие арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, ақыл-ой мен іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастырады.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – мұғалімдердің қоғам алдындағы борышы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аязбеков Ж. Жаңғыру үдерісі // Қостанай таңы, 12 қаңтар 2018 ж., №4, 2-бет.
2. Баширова Ж., Өтебаева А. Мектеп оқушылардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы // Өзіндік таным, 2017 ж., №2, 12-14 бет.
3. Назарбаев Н.Ә., Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж., № 7, 1-5 бет.
4. Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2017ж., 44-47 бет.

ҚОСТАНАЙ ЖЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ОРЫНДАР ЖӘНЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Мұратұлы Дастан – ҚМПИ,
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы, тарих магистрі;
Қалиев Дастан Дуйсенұлы – ҚМПИ,
педагогика кафедрасының
аға оқытушысы, тарих магистрі

Аннотация

Тарихи орындар тарих сабақтастығынан, ұрпақтан-ұрпаққа қалған материалдық деректер болып табылады. Рухани жаңғырудағы ұлттың өткені жайлы құнды жәдігерлер ең маңызды фактор.

Аннотация

Исторические места являются существенным свидетельством непрерывности истории из поколения в поколение. Является важнейшим фактором в истории духовного возрождения нации.

Abstract

Historical sites are an important evidence of the continuity of history from generation to generation. It is the most important factor in the history of the spiritual revival of the nation.

Түйінді сөздер: рухани-адамгершілік дамуы, рухани қасиеттері, ұлт бірлігін қалыптастыратын басты фактор, моральдік нормалар.

Ключевые слова: духовно-нравственное развитие, духовные качества, формирование единства нации, ключевой фактор, моральные нормы.

Keywords: spiritually-moral, spiritual qualities, formation of the unity of the nation, key factor, moral standards.

«Қазақстан кесенелері» тақырыбының өзектілігін Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жан-жақты ашады. Н.Ә. Назарбаев: «Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзінің көзқарасынды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ,

– екендігін назарымызға ерекше ұсынып, – Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған», - дейді.

Елбасы өз мақаласында патриотизмнің кіндік қаны тамған жерінен, өскен ауылынан, қаласы мен өңірінен, яғни туған жерінен деген сүйіспеншіліктен басталатындықты ескеріп, «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды.

«Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?» деген сауалға төмендегідей жауап берді: «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. ...Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [1].

Содан соң, «жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек.

Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі», - дейді.

Қасиетті орындардың бірі – кесене. Сонымен қатар, Қазақ халқында ерекше маңызға ие болған тұлғаларды ел есінде мәңгі сақтаудың көне дәстүрінің бірі – «кесене» орнату болып табылады. Ол халқына ерекше қызмет еткен сүйікті перзенттеріне қаланады.

Ел перзенттері Қазақстан тарихының әр кезеңінде: Ежелгі дәуірде, Орта ғасырларда, Жаңа және Қазіргі заманда өмір сүргеніне қарамастан, күні бүгінге дейін, сол елді-мекендердің тұрғылықты халқының жадында.

Кесене (көне гр. – Μουσολεῖον, лат – mausoleum, араб. مزار – мазар) – қайтыс болған кісінің сүйегі жерленетін орны, кей уақытта дұға оқуға арналған бөлмесі бар монументті құрылыс. Грек тілінен «Мавзолей» ұғымын береді. Бұл сөздің этимологиясы б.з.б. IV ғасырдың ортасында Галикарнас қаласында (қазіргі Түркияның Бодрум қаласының маңында) карий патшасы Мавсолдың құрметіне салынған табытханамен байланысты. Кейін кесенелер салу үрдісі Ежелгі Ұрым империясында кең өріс алды: Август кесенесі, Адриан кесенесі, Галла Платидия кесенесі, Сен-Реми-де-Прованстағы Юлийлердің кесенелері [2].

Мәселе негізі болып отырған «Кесенелер» мәселесін талқылау барысында «Қазақ энциклопедиясы», «Қазақ мәдениеті», «Батыс Қазақстан облысы» және «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» сияқты энциклопедияларға сүйене отырып – қорым, зират пен бейіт және мазар ұғымдарына тоқталғанымыз абзал.

Қорым – ертедегі ғұрыптық жерлеу орны. Қорым, негізінен, тастан қаланып, кейде топырақтан тұрғызылған немесе қиыршық тастан үйіп жасалған бірнеше обалардан, қорған-қоршаулардан тұрады. Мұндай жерлеу орындары көбіне шығыстан батысқа қарай қатар орналасады. Қазақстанда қола, темір дәуіріне жататын қорымдар біршама зерттелген. Мысалы, Бесшатыр қорымы үлкенді-кішілі 31 обадан, Бесоба қорымы 12 обадан, Жуантөбе (Іле өзенінің сол жағалауы) 300 обадан, Берікқара Қорымы (Талас өзені бойы) 500 төмпешіктен тұрады. Кейде обалардың диаметрі 100 метрден, биіктігі 20 метрден асады. Үйінді астында тас жәшік, циста, ағаштан жасалған төртбұрышты немесе дөңгелек саркофагтар да кездеседі. Қорымдардағы ескерткіштер мен табылған әшекей заттар, бұйымдар байырғы тұрғындардың әлеуметтік даму деңгейін, дүниетанымын, қоғамдық қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді [3].

Зират – қайтыс болған адамдардың мүрдесі жерленетін орын [4].

Бейіт – қайтыс болған адамның зиратта жерленіп белгі қойылған орны. Бейіт – араб тілінде «үй», «пәтер», «шатыр», «бөлім», қалта», «қын» дегендерді білдіретін көп мағыналы сөз. Этномәдени ортада зират – белгілі бір қауымға тән меншікті ұжымдық жерлеу орны болса, бейіт - соның ішінде мәйітті қоятын бір «бөлімі», «үйі». Ал қабір – жерден терең етіліп қазылып, мәйітті арулап қоятын орын (көр) [5].

Бейіт – «қабір және оның үстіне қойылатын белгі» - деген мағыналарды қамтитын ұғым. Ал мола атауы көбінесе әртүрлі себептермен жеке дара жерленген адамның көрі мен көр үстіне қойылған белгі деген ұғымды білдіреді. Мысалы, сапар үстінде, алыс жолда қайтыс болған адамды зиратқа, қорымға қою мүмкін болмаған кезде топырақ бұйырған жеріне қойып, белгі орнатады. Жерлеу орнының бұл түрі де мола деп аталады [6].

Сондай-ақ аруақты мазалайды деген түсінікке байланысты бақсылардың моласы зираттан оқшаулау жерде жалғыз-жарым тұрады. Бұл жайт - халық тілінде бейіт, зират, қабір, мола сөздері мәдени семантикалық бір ғана өріске жататын мәндес қолданыс болғанымен, олардың өзді-өзіне тән мағыналық ерекшеліктері бар атау екенін аңғартады. Сондай-ақ кесене, дың, күмбез т.б. да мәдени семантикалық бір өріске жатады. Ұжымдық жерлеу орнының жоғарыда айтылған бір түрі зират болса, енді оның көне бір түрі – қорым деп аталады.

Қорым – көбінесе соғыста, жауынгершілікте қаза болған жауынгерлерді жеке-жеке қабір қазып, арулау мүмкін болмаған жағдайда үлкен етіп қабір тәрізді қазылған орға мәйіттерді топтап қойып, топырақ жауып, үстіне тас үйіп орнатқан жерлеу орны деген ұғымды білдіретін атау болса керек. Жеке-дара жерленіп ерекше белгі қойылған орындардың түрлері кесене, күмбез, дың, сағана деп аталады. Әйгілі хан, сұлтан, би, батыр, әулие сияқты т.б. байырғы элиталық тұлғалардың аруағын ұлықтау мақсатымен, сондай-ақ ел есінде сақтауы, келер ұрпақ ұмытпай қадір тұтып жүруі үшін төрт жолдың торабына, қара жолдың бойына, биіктеу, көрнекі жерлерге жерлеп, басына кесене, күмбез, сағана салып, дың орнатады [7].

Байырғы кезде ересек адам бейітіне найза (сындырылғаны да болуы мүмкін), әйел адамның бейітіне бақан, піспек немесе ұршық, қыз бейітне арқан, уық, ал жас нәресте бейітне бесік қойылған. Қазақтың мекен еткен жерлері мен атажұртын, атақонысын мола, зират, сағана, күмбез, қорымдары сияқты дәстүрлі жерлеу ескерткіштерінен білуге болады.

Қазақ жерінде ерте заманнан бері бейіт басына кесектен, қыштан, күйдірілген кірпіштен салынған ескерткіштерді күмбез, кешен, кесене, там тәрізді жерлеу ескерткіштері жиі кездеседі.

Мысалы, батыс өңірдің қазақтары бейіт басына үштас, бестас, қойтас, құлпытастарды орнатады немесе сандықтас, сағанатам және күмбезді там салады.

Жерлеу орындарының қара жолдың бойында болатын себебі ниет етіп, дұға қылсын деген мақсатпен бірге жолаушылар жауын-шашын, боранда ықтасын қылып, түнеп аттануын да ойластырғаннан болса керек.

Әдетте, дәстүрлі ортада зират, мола, дың т.б. жерлеу ескерткіштері жанынан өткен атты жолаушы тоқтап, аялдамайтын жағдайда оң жақ аяғын үзеңгіден шығарып «жандарың жаннатта, жатқан жерлерің жайлы болсын; қияметтің күні жақын» - деп бет сипай ниет етеді. Аяғын үзеңгіден шығару ырымы «аттан түстім» деген бейвербальды семантиканы білдіреді.

Мазар (араб. – сыйынатын орын) – мұсылман қауымының қаза болған адам қабіріне тұрғызатын сәулет ескерткіші. Мазар тұрғызу дәстүрі Таяу Шығыс, Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның мұсылман елдеріне ертеден кең тараған. Мысалы, Ауғанстандағы Мазари-Шариф пен Герат, Ирактағы Неджеф пен Кербала, Ирандағы Мешхед пен Кум, Өзбекстандағы Бұқара мен Хиуа Мазарлары

тарихилығымен әрі жергілікті дәстүрлі мәдениеттің дамуына тигізген ықпалымен ерекшеленеді.

Сонымен, кесене – түрлі мағына беруі мүмкі: 1) қабір, бейіт, зират, мола басына салынған күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш; 2) түркі халықтары үйді, қоныс-тұрақтарды, төбесі жабылған құрылыстарды да кесене деп атаған. Сөз этимологиясына сүйенсек, ортағасырлық қыпшақтар – кезене, малқар мен қарашайлар – кешене, қырғыздар – касана, қабардалықтар – чамана, ингуштар мен шешендер – каши деген. Қазіргі түріктер сәнді-салтанатты оңаша үйлер мен сарайларды «какане» дейді [8].

Сонымен қатар, кесене деп, жерлеу үшін көптеген сағаналары (табыттары) бар құрылысты айтамыз. Қазіргі бірқатар шет елдердердің кесенелерінде кремацияға ұшыраған өлік сүйегінің күлін сақтауға арналған арнайы орын – колумбарий жиі жасалатын болды. Кесенелер жеке дара құрылыс ретінде немесе діни ғимараттардың құрамдас бір бөлігі ретінде де бола алады.

Ежелгі уақыттан бері кесененің қалануы жерленген тұлғаның қоғамда ерекше маңызды орынға ие болғандығының айрықша дәлелі болып табылады. Сол тұлғаның халық жадында, тарих сахнасында «мәңгі» сақталуына әсер етті.

Ислам мемлекеттерінде тұрғандары ардақтап қастерлейтін, діни және архитектуралық құндылығы жоғары кесенелер аз емес. Соның ішінде Орталық Азияның, әсіресе, Қазақстанның кесенелері кешенді зерттеуді, қайта жөндеуді, халық арасында насихаттауды қажет етеді.

Зерттеушілер қазақ жерінде кесене тұрғызу дәстүрін ежелгі көшпелілер дәуірінен (андронов мәдениеті мен сақ дәуірінен) бастап, оның ең байырғы үлгісіне Баланды-2 ескерткішін (б.з.б. IV-II ғғ.) жатқызады. Қазақстандағы Қозы Көрпеш – Баян Сұлу, Алаша хан, Бабажа Қатын кесенелері ортағасырлық Мазар саналады. Мазарлар Маңғыстау түбегі мен Батыс Қазақстанда көп кездеседі. Қазақ жеріндегі Мазарлардың пішіні, негізінен, шаршы немесе шеңбер үлгісінде келіп, төбесі күмбезделіп өрілетін болған. Қабырғасы шикі немесе күйдірілген кірпіштен қаланып, әрлеу жұмысына өрнекті кірпіш, терракот тақтайша және жылтыр бор тас материалдарын қолданған. Қасбеті мен пештағына, күмбезіне нақышты өрнектер мен қабырға безендіруіне фриз тәсілдерін пайдаланған. Ислам діні мен мәдениетінің өркен жаюына байланысты Мазардың қабырғалары мен маңдайшаларына аят және хадис үзінділері жазылып, қабір басына құлпытас қойылатын болды.

Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. – Себебі – идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» [1].

Мұның барлығы Қазақстан халқының ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Қазақстан жастары жат идеологияларды, басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдарын есте ұстауы керек.

Осының барлығына өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де қазақ халқын кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанына, сонымен қатар, ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағына айналып отыр.

Қазақстан Республикасының архитектуралық әрі тарихи-мәдени ескерткіштері – ұлттық бірегейлік негізінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда Қазақстан Республикасының президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы көтеріп отырған осындай ауқымды жобаларды жасауға, оларды жүзеге асыруға тиіспіз.

Қостанай облысында әр тарихи кезеңде қаланған кесенелер бар. Соларға жеке-жеке тоқталғанымыз абзал.

VII-IX ҒАСЫРДАҒЫ ЕКІДІН ҚҰРЫЛЫСЫ. Қостанай облысы Екідін (Сарыторғай) ауылы маңында Амангелді ауданында жабайы тастан жасалған шар тәріздес формасы бар екі көне құрылыс – діндер орналасқан.

Осы тарихи объекттің болжамды салыну уақыты ерте темір ғасыры. Кейбір ғалымдардың ойлауынша, бастапқыда олар сакралды, салттық міндетке ие болған.

Осы тарихи ескерткіш Екідін деп аталады, ол бір-бірінен біршама алыс қашықтықта орналасқан түрлі төбешіктердің үстінде орналасқан екі объекттерден тұрады.

Екідін-I Арқалық қаласының әкімшілігіне бағынатын әкімшілік территориясында Бейсен қыстауынан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым және өзеннен 0,73 шақырым жерде, Қараторғай өзенінің сол жағалауында орналасқан. №1 қорғандағы үйіндінің диаметрі 15м. тең, биіктігі – 0,7м. Қорғанды ені 5м. құрайтын ор қоршап тұр, оның тереңдігі – 0,3 м. Ор қорғанды толығымен қоршамайды. Оның оңтүстік – шығыс жағында ені шамамен 0,15 м құрайтын өткел бар.

Екідін-II көтеріңкі жерде орналасып, бағдар болып табылады және алыстан көрінеді. Киіз үй тәрізді құрылыс тақтатастан салынған, оның жоба диаметрі 6 м, жалпы биіктігі 3,8 м болып табылады. Өткелдің бағытталуы – шығыс.

Жергілікті аңыздар бойынша XVII-XVIII ғасырларда діндер орналасқан төбешіктердің арасында қантөгіс шайқас өткен. Дәл осы жерде жауласушы рулар қолбасшыларының ордалары орналасқан. Діндер орналасқан жазықтар мен төбешіктер жергілікті адамдар арасында құпияға толы сакралды орын болып саналады.

Ғалымдардың шамалағаны бойынша, осы көне құрылыстар біздің заманымыздың IX-XI ғасырларында белсенді түрде қолданылған, олар қазақ сарбаздарына сынақ мұнаралары ретінде қызмет еткен.

Қазақтың атақты академик ғалымы Ә.Х. Марғұлан діндерді былай сипаттайды: «Табиғат байлықтары мен тарихи ескерткіштер арасындағы нағыз қазынасы көне Екідін болып табылады. Ауылдың атауын берген діндер, жабайы тастан жасалған шар тәріздес формасы бар екі көне құрылыс исламға дейінгі уақытқа жатады. «Айтыс» немесе «дынғ» атаулары бойынша танымал болған Қазақстан территориясында сирек кездесетін құрылыстар қазақтың көне тұрағы «шошалы» формасы бойынша салынған, және олардың салттық мәні болуы мүмкін. Шамаланған мерзімі – ежелгі темір дәуірі».

Діндердің үстіңгі бөлігін шеберлікпен жасалған ойық аяқтайды. Ол түтін тартқыш болып саналған. «Дала өңірінің тарихы» атты Арқалық мұражайы директорының орынбасары Асхат Қасенов былай айтқан: «Сол кезде жақындап жатқан жауды көрген қазақ жауынгерлері халықты ажалдан аман қалдыру үшін қауіп жайында шұғыл түрде ескертуге жасауға міндетті болған. Дәл осы мақсатпен олар «дін» жасап, оның ішіне от жаққан, халық алыстан түтінді байқаған, осылай қауіп жайындағы ескертуді алған». – Осындай діндер көбірек болғаны мүмкін деп жалғастырды ол. Осылай маңайында тұрған ауылдардың ақсақалдары айтып жүр. Бірақ бүгінгі күнге дейін екеуі ғана жетіп, аман қалды. Әрі А. Қасенов діндердің жарамды болғандықтарына ерекше көңіл аударады, ғалымдар арнайы тәжірибе жасап, тексерді.

XX ғасырдың 80-ші жылдарында жергілікті тұрғындардан алып жиналған қаражатқа сол кездегі ішінара бұзылған діндер қайта қалпына келтірілген.

Екідін құрылысы Қостанай облысының тарихи-мәдени мұраның тізіміне кіреді және танымал туристік объект болып табылады [9].

ШОҚАЙ БАЛҚАНҰЛЫНЫҢ МАЗАРЫ Қостанай жерінде еліміздің өзге өңірлерінен кем түспейтін маңызға ие қасиетті орындар баршылық. Солардың бірі – Алтынсарин ауданының Шоқай ауылында орналасқан Шоқай Балқанұлының мазары. Шоқай Балқанұлы шамамен 1775-1858 жылдары өмір сүріп, Жәңгір ханның кеңесшісі,

әрі үш жүздің биі болған. Сондай-ақ, оның әулиелік қасиеті де болыпты. Қазіргі таңда, аталмыш ауылға әулие мазарының басына қонып шығу үшін мыңдаған шақырым қашықтықты бағындарып келушілердің қарасы қалың [10-11].

ҚОРЖЫН ТАМ – сәулет өнері ескерткіші. Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылының оңтүстігінде ескі қорымда орналасқан. Ел арасында «Сатыбалды ишан тамы», кейде «Файзолла ишан тамы» деп аталады. Қоржын там-ға өңірге белгілі Сатыбалды ишан (1826 ж. т.), оның баласы Файзолла ишан (1882 – 1959) және Омар Тепекұлы (1871 – 1932) жерленген. Қоржын тамды 1899 ж. Сатыбалды ишанның баласы Мырза ишан салдырған. Кесене екі бөлмелі, қос күмбезді құрылыс. Шикі кірпіштен қаланып, іші, сырты күйдірілген кірпішпен қапталған. Құбыла жағына екі және бүйірдегі қос қаптал қабырғаларына төрт доғал таяз қуыс түсіріліп сәнделген. Шығыс жағында төбеге шығаратын баспалдағы бар. Күмбездерінің аумағы әр түрлі, олар тақта кірпіштен өріліп, басына ай кескіні орнатылған. Адамдардың зираттары сағана түрінде орналастырылған. Кесененің аумағы 10,5x5,5 м, биіктігі 6,88 метр. Қоржын тамға 1980 жылы Қазақ КСР Мәдениет министірлігі экспедиция (жетекші Ж.А. Шәйкен) зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1983 жылы мемлекет қарауына алынды. Кесенеге 1991 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді [12-13].

БАРЛЫБАЙ КҮМБЕЗІ – ХХ ғасырдың басынан сақталған дәстүрлі сәулет өнері ескерткіші. Жыланшықтүрме қыратындағы (Қостанай облысы Амангелді ауданы) Сарыторғай өзінің Терісбұтақ саласы жағалауының оң жақ бетінде тұрғызылған. Ғимараттың іргесі тең шаршы пішінді, өлшемі – 6,23x6,21 м, қабырғаларының биіктігі 2,50 м. Оның алдыңғы қасбетіндегі есік ойығының өлшемі – 1,87x0,70 м. Төрт қабырғасының жоғарғы жағына мәнерленген шаршы тақта кірпішпен бұғаттама берілген. Алдыңғы қасбетіндегі есік ойығына сәйкес, оның екі жағына екі ойық мәнерлеп өрілген. Құрылысқа күйдірілген қызыл кірпіш пайдаланылған. Уақыт пен ауа райының құбылыстары әсерінен ғимараттың бүрмелі күмбезі мүлдем опырылып құлаған.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН КЕСЕНЕСІ – ұлы ұстаз және ағартушының моласы орнындағы ескерткіш. Ескерткіш Тобыл өзенінің оң жағалауында Қостанай қаласынан 7 км жерде орналасқан. Ол әйгілі ұстаз-ағартушы, ғалым-этнограф, ақын және жазушы, публицист және мектеп білімі саласында танымал қайраткердің құрметінен салынған. Ыбырай Алтынсарин зиялы адам бола тұрып халықтың білім алуына үлкен назар аударған. Ол тұңғыш халық мектебін ашты, «Қазақ хрестоматиясын» шығарды, қазақ тілін үйрену бойынша әдістемелер жазды. Жазушы ретінде ол «Бай баласы және жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй және ағаш үй» шығармалары арқылы танымал. Ғалым бола тұра Орынбордағы Орыс Жағрафиялық Қоғамының толық құқықты мүшесі болды. Осы қоғамның тапсырмасы бойынша қазақ этнографиясы жөнінде баяндамалар мен мақалалар дайындап басылымға шығарды.

Мазарының орнындағы кесене порталды-күмбезді типті қызыл кірпіштен жасалған әсем ғимарат. Ішінде ағартушы моласының үстінде гранитті тақта орнатылған.

Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы қайтыс болды және оның өмір сүрген кезінде «инспекторлық» деп аталып кеткен көлдің жағасында жерленді. 1947 жылғы 10 қыркүйекте Халық депутаттарының Қостанай қалалық кеңесі «Көрнекті қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің жерлеу орнын сақтап қалу» туралы шешім қабылдады. 1961 жылы ұлы оқытушының туғанына 120-жылдық мерейтойына орай оның жерленген орнына гранитті тас қойылады. 1991 жылы, Қазақстанда ағартушының 150-жылдығын кеңінен тойлаған кезде гранитті тас айналасында кесене тұрғызылды, оның салтанатты ашылуы 22 шілдеде өтті.

2017 жылы қыркүйек айының соңында Қостанай ауданында ұстаздар күніне орай қайта жаңартылған Ы.Алтынсарин кесенесі салтанатты түрде ашылды. Шараға

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, аудандар мен қалалардың әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттер басшылары, еңбек ардагерлері қатысты. Алдымен, ұлы ұстаздың рухына құран бағышталды. Облыс әкімі ұлы ағартушы кесенесінің жаңартылуына 81 млн теңге көлемінде қаржы бөлінгенін айтты. Ыбырай Алтынсарин кесенесінің ашылуы – биылғы жылы жүргізіліп жатқан рухани шаралардың бір парасы. Бұл қаражатқа кесенені жөндеу және сол аймақты абаттандыру қарастырылған. Келешекте кесене маңайында жаңа саябақ пайда болады.

Ыбырай Алтынсариннің жаңа кесенесі Тобыл өзенінің жағасында бой көтерді. Ұлы ағартушының өзі де осында жерленген. Ертеректе оның басында тек белгі болыпты. Қостанайдағы Ыбырай мектебінің бірнеше буын шәкірттері үшін бұл орын қашаннан киелі саналады.

Кейін 1991-ші жылы Ыбырайдың басына қызыл кірпіштен шағын кесене салынды. Бірақ соңғы жылдары тоза бастағандықтан жергілікті азаматтар оны жөндеу туралы ұсыныс айтқан еді. Бұл ұсынысты атқарушы билік өкілдері де құп алып, көп ұзамай бюджеттен кесенені қайта жаңартуға 81 млн теңге қаржы бөлінді.

Қайта жаңартылған кесене Маңғыстаудан әкелінген ұлутастардан салынған. Жерден ұшар басына дейінгі жалпы биіктігі 18 метр. Көлемі 64 шаршы метр.

Сонымен қатар кесенеге баратын жол да жаңартылып, кіреберісіне үлкен арка салынды. Аумағы толық абаттандырылды. Электр жарығы орнатылды. Жалпы қайта жаңартылған кесененің ашылуы Тобыл жұртына рухани серпіліс әкелген оқиғалардың бірі.

Ыбырай Алтынсариннің жаңа кесенесімен қатар биылғы Қостанай облысында басқа да тарихи маңызы бар ескерткіштер бой көтеріп жатыр. Оның бірі Тобыл өңірінде ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Кейкі батырдың кесенесі. Кейкі батырдың мәйітін жерлейтін орын анықталып, мазар құрылысының жобасы бекітілді. Қостанай облысының Мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақовтың айтуынша, Амангелді ауданының Тасты ауылының маңынан кесене салатын орын таңдалған екен.

Бұл орынға таңдаудың түсуі тегін емес. Себебі: Ваq.kz агенттігінің хабарлауы бойынша аталып отырған тарихи жәдігер Қостанай облысындағы шалғай жатқан Амангелді ауданының Тасты ауылында 2005 жылы салынған. Кесенені салу барысында құрылысшылар табиғи тастар пайдаланыпты. Тіпті, кесененің ішінде халық батырының мүсіні де бар.

Айта кету керек, 2016 жылдың ең елеулі оқиғаларының бірі Кейкі батырдың бассүйегін елге қайтару болған еді. Ресей мен арадағы ұзақ жылдарға созылған келіссөздер өз нәтижесін беріп, батырдың сүйегі елге оралды. Ғалымдар оған сараптама жасап, бет-бейнесін қалыпқа келтірді.

Қостанай таңы газетінің мәлімдеуі бойынша Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы тарихи мұраны сақтауға бағытталды. «Ұлттық біртектіліктің тірегі саналатын ескерткіштер мен тарихи орындарын жаңғырту, қайта жөндеу жұмыстары Қазақстанның сакральдық географиясы жобасын ұйымдастыру аясында жалғаса бермек. Солардың бірі – Аманкелді ауданындағы Кейкі Көкембайұлы ескерткіші.

Тарихи шараға ҚР Парламенті депутаттары, елге танымал акын-жазушылар, қоғам қайраткерлері қатысты. Сағат тура 11:00-ді соққанда тарихи сәт – батыр сүйегін жерлеу рәсімі басталды. Сүйекті жер қойнына тапсыру рәсіміне ҚР мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова, ҚР мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, Венгрияның Қазақстандағы елшісі Барани Андраш, ҚР Парламенті депутаты Қуаныш Сұлтанов, жазушы Сәбит Досанов қатысты.

Кейкі батырдың кесенесі Аманкелді ауданына қарасты Тасты ауылының қырындағы, Жалдама-Арқалық тас жолының маңынан салынған. Кесенені салуды

ұйымдастырған — Астана қаласындағы «EL-DAANA» архитектуралық бюросы. Оның басшысы – Эльвира Нұралиева. Бұл бюро Арқалық қаласындағы «Аллюминстрой» ЖШС-мен келісімшартқа отырып, құрылыстың біраз бөлігін соларға салдыртуды шешкен. Іргетасты құйған – осы серіктестік басшысы А.Мұқанов. Нысанның биіктігі – 15 метр.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда «Қазақстан» ұғымы біріктіруші әрі жинақтаушы атауға айналғанын ескере отырып, Қазақстан тарихына тиесілі тарихи-мәдени ескерткіштерді – қорым мен обаларды, мазар мен кесенелерді саралап, оларды қайта зерттеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru>
2. Плиний Старший. Естествознание. XXXVI. 30-31 (о гробнице Мавсола) // Плиний Старший. Естествознание. Об искусстве. — М., 1994, с. 670—675
3. «Қазақ энциклопедиясы», VI-том
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
7. Қазақ энциклопедиясы
8. <http://step-bg.livejournal.com/>
9. <http://culturemap.kz/kk/object/soorujenie-ekidyn-vii-ix-vv>
10. https://baq.kz/kk/news/kogam_aimak/tobil_onirindegi_kasietti_orindar
11. <http://engime.org/ostanaj-taini-kitaphanasi-tmarimiz--trkistan-baad-r-babalar>
12. «Қазақ энциклопедиясы», VI-том
13. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005

БАСТАУЫШ СЫНЫПҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мырзағалиева Салтанат Дәмірқызы
Мұқанова Ақмарал Әмірқызы
Бастауыш сынып мұғалімдері
Рудный қаласы

Аннотация

Аталмыш мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселе - туған жерге деген патриоттық сезімді тәрбиелеу жан-жақты баяндалған. Мақсаты. Патриотизм халқымыздың рухани жаңғыруы мен ұлттық біртұтастықтың нығайуына ықпал етуіне жағдай жасайтын тәрбиенің негізін қалау.

Аннотация

В этой статье рассмотрено патриотическое воспитание учеников начальных классов посредством внеклассных работ. Цель Патриотизм должен стать мощнейшим фактором духовного возрождения и укрепления национальной идентичности в воспитании школьников.

Abstract

This article is written about patriotic upbringing of initial class pupils' according out of class works. Goal. Patriotism should become strong driving force of moral renaissance and consolidation of national identity.

Түйінді сөздер: патриотизм, туған жерге сүйіспеншілік, тарих, мәдениет, өлке.

Ключевые слова: патриотизм, любовь к земле, история, культура, край

Keywords: patriotism, love towards his native land, history, culture, motherland

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы Жолдауында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздік пен егемендігін танытатын мемлекетіміздің ұзақ уақытты дамуын анықтады. Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, патриотын